

Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысын талдау

Мектеп-лицейдің миссиясы білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете жаратылыстану-математикалық білім беру және шығармашылық мүмкіндігін ашу болып табылады.

Білім беру бағдарламалары пән мазмұндарын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті білім мен дағдылардың негіздерін игерту, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамытуға бағытталған. Оқушылардың ғылыми жұмыс дағдыларын меңгерулеріне ықпал етеді.

Педагогикалық шығармашылықты дамыту және түрлі бастамаларды іске асыру мақсатында мектеп педагогтері үшін мектепшілік семинар-практикумдар, шеберлік сыныптар, байқаулар, жарыстар ұйымдастырылады.

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа білім мазмұны мен әдістерін енгізу арқылы ұлттық рухани құндылықтарды өскелең ұрпақ бойына дарытып, демократиялы қоғамға бейім, бәсекеге қабілетті, алған білімін өмірде қолдана алатын жеке тұлғаны тәрбиелеп оқыту.

Өзектілігі: Жеке тұлғаға жалпы білім емес, әлемдік білім беру жүйесінің стандартына сай жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде терең білім мен тәрбие беру

Оқу-тәрбие үрдісінің ұстанымы: «Жылы ұяда өскен баланың ертеңі де жылы»

Әдістемесі: «Нәтижеге бағытталған білім беру жағдайында педагог кадрлардың кәсіби құзырлығын арттыру».

1. Білім туралы нормативтік құжаттарды орындауға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық);

2021-2022 оқу жылында мектеп ұжымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын, ҚР Еңбек Кодексі және 2020-2021 оқу жылына арналған ҚР Білім және Ғылым министрлігінің нұсқау хатын негізге ала отырып өз жұмысын жоспарлап жүргізді. Педагогикалық ұжым жұмысының бағыты ұстаздар мамандығының кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мектептің әдістемелік жұмысын жандандыру, бүгінгі күн талабына жаңа мазмұнда оқыта отырып, білім үрдісіне мониторинг жүргізу арқылы оқушылар белсенділігін арттыру, ұстаздар жұмысын жандандыруды көздесе, жоғарғы сыныптарда оқушылар алдында баланың мамандықты таңдау жолына дұрыс бағыт бере отырып, бағдарлы сыныптарда оқушылардың білім алуға деген саналы көзқарасын арттыруда жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

2. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және аттестациялау

Мұғалімдердің штаттағы жалпы саны-53 жоғары білімді-52 (98,1 %), сапалық құрамына келетін болсақ: жоғары санатты 1 (1,8%) , педагог-зерттеуші- 14 (26,4 %), бірінші санатты-1 Сапалық құрам 52,8% құрайды. Сапалық құрам 4,3% Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 3% педагог-зерттеуші, сарапшы құрамы артып отыр. Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдер 52,3% құрайды. Мектебімізде ғылыми –академиялық дәрежесі бар педагогтардың да үлесі өсіп келеді. 2021-2022 оқу жылындағы магистр дәрежесі бар педагогтардың үлесі 13,2% құрайды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары» ережесіне сай 2021-2022 оқу жылының мектепшілік біліктілік санатын беру (растау) жөніндегі комиссия отырысының хаттамасының шешімі бойынша қыркүйекте 1, желтоқсанда – 5 педагог-модераторға біліктілік санаты берілді, маусымға ҚББ-не 1 педагог-модераторға құжат ұсынылды. 1 педагогқа педагог-зерттеуші біліктілік санаты берілді, 1 педагогқа педагог-сарапшы біліктілік санаты берілді.

Кадрлардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары жасақталынған. 2021-2022 оқу жылында барлығы 18 педагог біліктілік арттыру курсынан өтті. (5 ақылы)

Әдістемелік бірлестіктің жетекшісі тағайындалады. Ол жалпы басқарушылық функцияны атқарады.

Онымен бірге жұмыс жасайтын тұрақты ұйымдастырушы құрамы болады. Ол бес педагогтен тұрады.

Ауыспалы қатысушы құрам қажетіне қарай бірлестіктің жұмысына қатысып отырады. Олар жоспарланған жұмыс түріне қарай ерікті түрде қатысады немесе ұйымдастырушы топтың өтінішіне байланысты қандай да практикумдар өткізеді.

Соңғы топ міндетті қатысушы құрам. Оның құрамында жас мамандар және мектепке жаңадан келген мамандар болады.



3. Білім берудің мемлекеттік стандарттарын орындауға және білім беру процесін жақсартуға бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

Мектептің жылдық жұмыс жоспары 9 бөлімнен тұрды:

1. 2018-2019 оқу жылының қорытындыларына педагогикалық талдау.
2. «Жалпыға міндетті білім беру туралы Заңның» орындалуы бойынша белгіленген іс-шаралардың жоспары
3. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау.
4. Педагогикалық ұжымның оқу процесін жетілдіруге бағытталған қызметі.

5. Педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысының жүйесін құруға бағытталған іс-әрекеті
6. Мектепті басқару. Ата-аналармен жұмыс.
7. Мектепшілік бақылау мен басқару жүйесі.
8. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.
9. Ұйымдастырушылық педагогикалық шаралар.

Мектеп-жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін, білім ордасы, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған ел мұрасын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақ, ұлттық тәлім-тәрбие орталығы. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заманда да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналды.

2020-2021 оқу жылындағы жылдық білім сапасының салыстырмалы есебі

Класс	Барлық оқушы саны				2021 ж. I тоқсан	2021 ж. II тоқсан	2022ж. III тоқсан	2022ж. IV тоқсан	Өзгеріс
	2021-2022 ж. I тоқсан	2021-2022ж. II тоқсан	2021-2022ж. III тоқсан	2021-2022ж. IV тоқсан					
5-8 класс	312	318	326	325	70	68	75	65	10 өсті
9 сынып	68	69	71	71	48,53	64	53,5	68	15 өсті
10-11 класс	87	84	81	80	65,51	65	73	74	1 өсті
Барлығы	467	471	478	476	66,38	67	72	65	7 өсті

2021-2022 оқу жылының I тоқсан қорытындысы өткен оқу жылының I тоқсан қорытындысымен салыстырғанда, жалпы білім сапасы 12,42 пайызға кеміп отыр. Өткен оқу жылының I тоқсанында 433 оқушы болып, оның 77 оқу озаты, 264 оқу екпіндісі болса, осы жылдың I тоқсанында 467 оқушының 68 оқу озаты, 242 оқу екпіндісі болып отыр. Былтырғы оқу жылына қарағанда білім сапасының төмендеуін оқушы санының артуымен және былтырғы I тоқсанда қашықтан оқуға байланысты. 2021-2022 оқу жылының II оқу тоқсанының қорытындысын өткен оқу жылының II тоқсан қорытындысымен салыстырмалы түрде қарағанда, жалпы білім сапасы 2 пайызға өсіп отыр. Өткен II оқу тоқсанында 433 оқушы болып, оның 85-і оқу озаты, 254 оқу екпіндісі болса, осы оқу тоқсанында 471 оқушының 53-і оқу озаты, 262-і оқу екпіндісі болып отыр. Салыстырмалы түрде қарағанда оқу озаты 32 оқушыға азайса, оқу екпіндісі 8 оқушыға өскен. Оқушы саны 38 оқушыға көбейгенмен білім сапасы тек 2 пайызға ғана өскен. 5-8 сыныптың білім сапасы оқушы санына қарамастан жоғарыға көтерілген. 9 сыныптар құрамы былтырғы оқушы санынан аз болса да білім сапасы өскен. 10-11 сыныптар бойынша оқушы саны 27 оқушыға азайса да, білім сапасы 10 пайызға кеміді. Осы көрсеткіштің төмендеуіне 106 сыныбының 30 пайыз көрсетуі себеп болып отыр. Дегенменде, өткен екі жылды салыстырғанда білім сапасында жоғарлау динамикасы байқалып отыр. 2021-2022 оқу жылының III оқу тоқсанының қорытындысын өткен оқу жылының III тоқсан қорытындысымен салыстырмалы түрде қарағанда, жалпы білім сапасы 1,6 пайызға кеміп отыр. Өткен III оқу тоқсанында 417 оқушы болып, оның 79-ы оқу озаты, 224 оқу екпіндісі болса, осы оқу тоқсанында 478 оқушының 76-ы оқу озаты, 269-ы оқу екпіндісі болып отыр. Салыстырмалы түрде қарағанда оқу озаты 3 оқушыға азайса, оқу екпіндісі 45 оқушыға өскен. Оқушы саны 61 оқушыға көбейгенмен білім сапасы көп төмендемеді. 5-8 сыныптың білім сапасы оқушылар санына және жай сынып

оқушыларының білім сапасының төмен көрсеткішіне байланысты 7 пайызға төмендеп отыр. 9 сыныптар құрамы былтырғы оқушы санынан көп болғандықтан да білім сапасы төмендеген. 10-11 сыныптар бойынша оқушы саны 16 оқушыға азайғандықтан және 11 сыныптардың білім сапасы жоғары болғандықтан, білім сапасы 12,5 пайызға өсті. I және II, III оқу тоқсандарына салыстырмалы түрде қарағанда, IV тоқсанда жалпы білім сапасы 7 пайызға өсіп отыр. I оқу тоқсанында 467 оқушы болып, оның 68-і оқу озаты болса, II оқу тоқсанында 471 оқушының 53-і оқу озатын құрады, III тоқсанда 478 көбейіп оның 76-ы оқу озатын құрап, IV тоқсанда 2 оқушыға бала саны азайып, 52 оқу озатынада азайған. 9-сынып оқушыларының білім сапасы 15 пайызға арту себебі, оқушылардың бойындағы сабаққа деген қызығушылықтары жоғарлап, жауапкершіліктері артты. Үлгермеуші оқушы жоқ.

Халықаралық зияткерлік конкурс жүлдегерлері

Р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Байқаудың атауы	орын	Уақыты, өткізілген орны	Пән мұғалімі
1	Серік Мадина	10ә	Халықаралық ғылыми жобалар байқауы (тарих өлкетану секциясы)	I	Обнинск 21.02.2022	.Орынбасарова Э.О.

Облыстық зияткерлік конкурс жүлдегерлері

Р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Байқаудың атауы	орын	Уақыты, өткізілген орны	Пән мұғалімі
1	Нариман Ақнұр	5а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сыныптар арасындағы олимпиаданың облыстық кезеңі	II	Орал қаласы, 7.12.2021 жыл	Габдрахманова Б.Д.
2	Мухтарова Назерке Төлөп Назерке	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі (этномәдениеттану)	II	Орал қаласы, 3.12.2021 жыл	Қуанышқалиева Г.Е
3	Айнедин Дильназ	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі (тіл білімі)	III	Орал қаласы, 3.12.2021 жыл	Қдрашева Э.А
4	Биғали Гүлназ	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі (әдебиет)	А.х	Орал қаласы, 3.12.2021 жыл	Беккужиева С.А.
5	Болат Әліби Джанашев Бейбарыс	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі (техника)	II	Орал қаласы, 3.12.2021 жыл	Орынғалиев О.К.
6	Қисымова Дана	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі (этномәдениеттану)	А.х.	Орал қаласы, 3.12.2021 жыл	Баймурзина С.А.
7	Серік Фарид	10	Облыстық қашықтан өткізілген «Экосопак» жас экологтар мен натуралистер слеті	I	Орал қаласы 01-08.08.2021	Боранбайқызы Н.
8	Мақсотова Амина	бә	Облыстық А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасы (жеке)	II	Орал қаласы, 4.10.2021 жыл	Капашева Г.Н.

9	Мақсотова Амина	6ә	Облыстық А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасы (компидалық)	II	Орал қаласы, 4.10.2021 жыл	Капашева Г.Н.
10	Ауғанова Ботагөз	10ә	«Мен тұратын көшенің тарихы» акциясы	I	Орал қаласы, 20.10.2021 жыл	Куанышқалиева Г.Е.
11	Найзабек Айшабибі Амангельдиева Аяжан	9б	XVI облыстық «Апельсин - 2021» физика-техникалық турнирінің «Үздік эксперименттік команда»	II	Орал қаласы, 16.11.2021 жыл	Орынғалиев О.К.
12	Найзабек Айшабибі Амангельдиева Аяжан	9б	XVI облыстық «Апельсин - 2021» физика-техникалық турнирінің жеңімпаздары	I	Орал қаласы, 16.11..2021 жыл	Орынғалиев О.К.
14	Ахмет Алихан Аманжол Айым	10а	XVI облыстық «Апельсин - 2021» физика-техникалық турнирі командалық	III	Орал қаласы, 17.112.2021 жыл	Кажмуханова Г.Ш.
15	Ахмет Алихан Аманжол Айым	10а	XVI облыстық «Апельсин - 2021» физика-техникалық турнирінің «Үздік эксперименттік команда»	III	Орал қаласы, 17.11.2021 жыл	Кажмуханова Г.Ш.
16	Аманжол Дания Қадырболат Ринат	11ә 11а	XVI облыстық «Апельсин - 2021» физика-техникалық турнирі	III	Орал қаласы 18.11.2021	Кажмуханова Г.Ш.
17	Аманжол Дания Қадырболат Ринат	11ә 11а	XVI облыстық «Апельсин - 2021» физика-техникалық турнирінің «Үздік эксперименттік команда»	III	Орал қаласы, 18.11.2021 жыл	Кажмуханова Г.Ш.
18	Ильясова Эльвира	7	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы, экология, валеология секциялары	III	Орал қаласы, 14.01.2022 жыл	Боранбайқызы Н.
19	Булатберген Арсен	7	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы информатика секциясы бойынша	А.Х.	Орал қаласы, 14.01.2022 жыл	Сатканова Э.
20	Асқарұлы Нұрдаулет	5ә	«Қылқалам мен күзді бейнелейміз» суреттер байқауы	I	Орал қаласы, 22.10.2021 жыл	Нургазиев А.Н.
21	Аккалов Саят	10ә	АК-74 толық емес бөлшектеу және жинақтау әскери патриоттық ойын	II	Орал қаласы 27.10.2021	Насибуллинов Е.Н.
22	Қадырман Бекет	10б	«Оқжатарды жинақтау» бойынша әскери-патриоттық ойын	II	Орал қаласы 27.10.2021	Насибуллинов Е.Н.
23	Айғали Қарақат	10ә	«Мылтық ату бойынша» әскери – патриоттық ойын	II	Орал қаласы 27.10.2021	Насибуллинов Е.Н.
24	Аккалов Саят Қадырман Бекет Айғали Қарақат	10ә 10б 10ә	Облыстық әскери патриоттық ойын командалық	III	Орал қаласы 27.10.2021	Насибуллинов Е.Н.
25	Серік Жанерке Нурлан Назерке	6а 7б	ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында еліміздің	I	Орал қаласы 11.11.2021	Беккужиева Г.А. Иманиязова Г.С.

	Амангелді Аружан Артурова Ару Әміртай Айару	7а 5а 5а	тарихи мәдени құндылықтарын дәріптеуге арналған «Туған елді, Қазақстанды білесің бе?» командалық сайыс			Иманиязова Г.С: Қуанышқалиева Г. Қуанышқалиева Г
26	Амангелді Аружан Нурлан Назерке	7б	ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында еліміздің тарихи мәдени құндылықтарын дәріптеуге арналған, «Туған елім Қазақстанды жақсы білесіз бе?» командалық сайыс (аймақтық)	III	Орал қаласы қараша 2021	Иманиязова Г.С.
27	Сансызбай Джафар	7б	«Тәуелсіздік тұғырым» атты облыстық мәнерлеп оқу байқауы	Бас жүлде	Орал қаласы 18.11.2021	Беккужиева С.А.
28	Ережеп Асема	6ә	«Тәуелсіздік тұғырым» атты облыстық мәнерлеп оқу байқауы	I	Орал қаласы 18.11.2021	Қуанышқалиева Г.Е.
29	Серік Нұрдаулет	8	«Тәуелсіздік тұғырым» атты облыстық мәнерлеп оқу байқауы	II	Орал қаласы 18.11.2021	Нурсапина С.У.
30	Кенжегужина Асем	10	«Күміс ғасырдың белгісі» ақын Игорь Северяниннің 135 жылдық мерейтойына орай мәнерлеп оқу сайысы	Бас жүлде	Орал қаласы 11.02.2022	Рахметкалиева Н.О.
31	Қисымова Дана	10	«Күміс ғасырдың белгісі» ақын Игорь Северяниннің 135 жылдық мерейтойына орай мәнерлеп оқу сайысы	Алғыс хат	Орал қаласы 11.02.2022	Қусанова Г.К.
32	Есетова Адема	9	Халықаралық «Дальді оқыдың ба?» онлайн фестивалі «Өлкетану» номинациясы бойынша	I	Орал қаласы 23.11.2021	Кдрашева Э.А.
33	ба сынып оқушылар тобы	6а	Халықаралық «Дальді оқыдың ба?» онлайн фестивалі қойылым бойынша	III	Орал қаласы 23.11.2021	Рахметкалиева Н.О
34	Серік Мадина	10	«Туған өлке-тұнған тарих» облыстық ғылыми -зерттеу жобасы	А.х	Орал қаласы, 20.10.2021 жыл	Орынбасарова Э.О.
35	Найзабек Айшабибі Амангельдиева Аяжан Шынболатова Зарина Серік Нұрдаулет Нурлан Назерке	7-9	Ақпараттық технология лицей мектебінің ұйымдастырылуымен өткен «Білімділер додасы» зияткерлік сайыс	I	Орал қаласы 3.12.2021	Мукатаева Л.С.

Қалалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурс жүлдегерлері

Р/с	Оқушының аты-жөні	Сын ы бы	Байқаудың атауы	орын	Уақыты, өткізілген орны	Пән мұғалімі
-----	----------------------	----------------	-----------------	------	-------------------------------	--------------

1	Сариев Максот	9а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (информатика)	III	Орал қаласы, 14.02.2022 жыл	Шонбаев Ж.М.
2	Аманжол Дания	11ә	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (биология)	III	Орал қаласы, 14.02.2022 жыл	Жолдасбаева Ж.Ж.
3	Менешов Нурбек	10а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (математика)	III	Орал қаласы, 16.02.2022 жыл	Батырғалиева А.Қ.
4	Сағынтаева Ранида	9ә	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (математика)	II	Орал қаласы, 16.02.2022 жыл	Мукашева Р.Б
5	Джанашев Бейбарыс	10а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (құқықтану негіздері)	II	Орал қаласы, 18.02.2022 жыл	Орынбасарова Э.О.
6	Абай Әлішер	9а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (қазақ тілі және әдебиеті)	III	Орал қаласы, 18.02.2022 жыл	Қуанышқалиева Г.А.
7	Мұнайдар Азиза	10а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (қазақ тілі және әдебиеті)	III	Орал қаласы, 18.02.2022 жыл	Беккужиева С.А.
8	Есполқызы Ақнұр	11	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (қазақ тілі және әдебиеті)	III	Орал қаласы, 18.02.2022 жыл	Нурсапина С.У.
9	Өтешова Ділназ	9	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (орыс тілі мен әдебиеті)	III	Орал қаласы, 21.02.2022 жыл	Рахметкалиева Н.О.
10	Қалымбет Дильназ	9	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (ағылшын тілі)	II	Орал қаласы, 21.02.2022 жыл	Қуанова Қ.К.
11	Адилова Аружан	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (орыс тілі және әдебиеті)	III	Орал қаласы, 21.02.2022 жыл	Рахметкалиева Н.О.
12	Аманғалиева Адина	9	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (өзін-өзі тану пәні)	III	Орал қаласы, 22.02.2022 жыл	Тәжен С.С.
13	Мұрат Камила	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (Қазақстан тарихы)	II	Орал қаласы, 22.02.2022 жыл	Орынбасарова Э.О.
14	Қайырбай Айсұлу		Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (өзін-өзі тану пәні)	III	Орал қаласы, 22.02.2022 жыл	Тәжен С.С.

15	Сағынтаева Аида	10а	А.Д.Таймановтың 105 жылдығына орай Орал қаласының орта жалпы білім беретін мектептерінің 10 сынып оқушылары арасында олимпиада	II	Орал қаласы, 10.02.2022 жыл	Батырғалиева А.Қ.
16	Менешов Нұрбек	10а	А.Д.Таймановтың 105 жылдығына орай Орал қаласының орта жалпы білім беретін мектептерінің 10 сынып оқушылары арасында олимпиада	III	Орал қаласы, 10.02.2022 жыл	Батырғалиева А.Қ.
17	Ахмет Алихан	10а	А.Д.Таймановтың 105 жылдығына орай Орал қаласының орта жалпы білім беретін мектептерінің 10 сынып оқушылары арасында олимпиада	III	Орал қаласы, 10.02.2022 жыл	Батырғалиева А.Қ.
18	Артурова Дария	5а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (ағылшын тілі)	II	Орал қаласы, 26.11.2021 жыл	Ермекова Д.М.
19	Тайшурина Мадина	6а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (ағылшын тілі)	III	Орал қаласы, 26.11.2021 жыл	Мусағалиева А.
20	Нариман Ақнұр	5а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (орыс тілі және әдебиеті)	I	Орал қаласы, 26.11.2021 жыл	Габдрахманова Б.Д.
21	Бауыржанқызы Алуа	6ә	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (орыс тілі және әдебиеті)	II	Орал қаласы, 26.11.2021 жыл	Рахметқалиева Н.О.
22	Мақсотова Амина	6ә	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (математика)	II	Орал қаласы, 26.11.2021 жыл	Капашева Г.Н.
23	Әміртай Айару	5а	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (қазақ тілі және әдебиеті)	II	Орал қаласы, 26.11.2021 жыл	Қуанышқалиева Г.Е.
24	Есболсын Нұрайым Иргалиева Аружан Мақсотова Амина Темирханов Ернар	5 5 6ә 6в	Математикалық регата	II	Орал қаласы, 21.09.2021 жыл	Хусаинова Г.Х. Хусаинова Г. Х. Капашева Г.Н. Дүйсенбаева М
25	Мажитов Асхат Амангелді Дінмұхамед Темирова Милана Жаншина Ясмина	7ә 7ә 8б 8а	Математикалық регата	III	Орал қаласы, 23.09.2021 жыл	Самарбаева Б.А. Самарбаева Б.А. Дүйсенбаева М.Н. Изимова А.Т.

26	Қадырболат Ринат Меңешев Нұрбек Ахмет Әлихан Сағынтаева Ранида	11а 10а 10а 9ә	Математикалық регата	III	Орал қаласы, 24.09.2021 жыл	Капашева Г.Н. Батырғалиева А.Қ. Батырғалиева А.Қ. Мукашева Р.Б
27	Ережеп Асема	6ә	Қалалық «Ұлы елдің ұрпағымын» атты сырттай шығармалар байқауы	II	Орал қаласы, 06.10.2021 жыл	Қуанышқалиева Г.Е.
28	Бейбіт Айнель	9а	Қалалық «Ұлы елдің ұрпағымын» атты сырттай шығармалар байқауы	III	Орал қаласы, 06.10.2021 жыл	Қуанышқалиева Г.Е.
29	Серік Мадина	10ә	Қалалық «Ұлы елдің ұрпағымын» атты сырттай шығармалар байқауы	III	Орал қаласы, 06.10.2021 жыл	Қуанышқалиева Г.Е.
30	Самарқан Құндыз	7ә	Қалалық «Ұлы елдің ұрпағымын» атты сырттай шығармалар байқауы	II	Орал қаласы, 06.10.2021 жыл	Бекқужиева С.А.
31	Қамал Әсемгүл	8а	Қалалық «Ұлы елдің ұрпағымын» атты сырттай шығармалар байқауы	II	Орал қаласы, 06.10.2021 жыл	Сүлейменова Г.Ғ.
32	Асқарұлы Нұрдәулет	5ә	«Күз қызығы» сурет байқауы	II	Орал қаласы, 21.10.2021 жыл	Нургазиев А.Н.
33	Разым Іңкәр	6а	«Күз қызығы» сурет байқауы	I	Орал қаласы, 21.10.2021 жыл	Нургазиев А.Н.
34	Артурова Ару Әміртай Айару Серік Жанерке Нұрлан Назерке Амангелді Аружан	5а 5а 6б 7б 7а	«Туған елді, Қазақстанды білесің бе?» командалық сайыс	I	Орал қаласы, 27.10.2021 жыл	Бекқужиева С.А Иманиязова Г Иманиязова Г Қуанышқалиева Г.Н. Қуанышқалиева Г.Н.
35	Рахымғали Гүлдана	8ә	«Ұлы елдің ұрпағымыз» шығармалар байқауы	III	Орал қаласы, 02.11.2021 жыл	Кусанова Г.К.
36	Қалымбет Дильназ	9а	«Мы-дети Великой степи» эссе байқауы	III	Орал қаласы, 02.11.2021 жыл	Сисенова А.У.
37	Серік Мадина	10ә	«Шырақ» ғылыми-зерттеулер байқауы «Тарихи өлкетану» бағыты бойынша	I	Орал қаласы, 12.11.2021 жыл	Орынбасарова Э.О.

38	Болат Әліби, Джанашев Бейбарыс	10а	«Шырақ» ғылыми-зерттеулер байқауы «Әлеуметтік экология» бағыты бойынша	II	Орал қаласы, 12.11.2021 жыл	Орынғалиев О.К.
39	Каирова Айбибі	8а	«My Kazahstan! I want to praise you» мәнерлеп оқу байқауы	II	Орал қаласы, 08.12.2021 жыл	Утебалиева А.Ж.
40	Серік Нұрдаулет	8б	«Әнім сенсің жырым сенсің Қазақстан!» мәнерлеп оқу сайысы (қазақ тілі)	Бас жүлде	Орал қаласы, 08.12.2021 жыл	Нурсапина С.У.
41	Өтешова Ділназ	9	«Әнім сенсің жырым сенсің Қазақстан!» мәнерлеп оқу сайысы (орыс тілі)	II	Орал қаласы, 08.12.2021 жыл	Кусанова Г.К.
42	Төлеп Назира	10ә	«Тәуелсіздікке тағзым» атты қалалық байқау. «Мәнерлеп оқу» бағыты бойынша	II	Орал қаласы, 10.12.2021 жыл	Куанышкалиева Г.Е
43	Нурболат Биназир	6	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы тарих, өлкетану, (этномәдениеттану)	III	Орал қаласы, 12.01.2022	Сергеева Р.Т.
44	Қазығұл Гүлмерей	7	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (қазақ тілі мен әдебиеті)	II	Орал қаласы, 12.01.2022 жыл	Нурсапина С.
45	Ильясова Эльвира	7	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (экология, валеология)	I	Орал қаласы, 12.01.2022 жыл	Боранбайқызы Н.
46	Булатберген Арсен	7	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (информатика)	I	Орал қаласы, 12.01.2022 жыл	Сатканова Э.М.
47	Султанова Амелия	10	Қалалық «Әбіш оқулары» байқауы «Әбіш Кекілбаев шығармалары бойынша ғылыми жоба байқауы» бөлімі	II	Орал қаласы, 11.02.2022 жыл	Беккужиева С.А.
48	Дәнер Жанайым	6ә	«Қазақ мультфильм сюжеттері» сырттай қалалық компьютерлік сайыс байқауы	I	Орал қаласы, 11.02.2022 жыл	Қожаахметова Л.А.

Оқушы білімінің салыстырмалы рейтингтік көрсеткіштері

Оқу жылдары		Оқу озаттары	Оқу екпінділері	Орташа оқитындар	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
2019-2020	408	79	258	71	82,5%	100%
2020-2021	413	103	246	64	84,5%	100%
2021-2022	476	86	289	102	79%	100%

«Алтын белгі» және Үздік аттестат иегерлері туралы мәлімет

Оқу жылы	ҰБТ тапсырғандар саны	«Алтын белгі» иегерлері	Ерекше аттестат иегерлері	Үлесі
2019-2020	34	2	2	11,75
2020-2021	44	4	3	15,9
2021-2022	22	2	2	18

Грант иегерлері туралы мәлімет

Оқу жылы	ҰБТ тапсырғандар саны	Грант иегерлері
2019-2020	33	33
2020-2021	44	40
2021-2022	22	19

ҰБТ көрсеткіштері

Оқу жылы	Орташа балл	Жоғары балл	Төмен балл
2019-2020	100,7	125	69
2020-2021	99	132	79
2021-2022	85	126	60

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады. Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі. Тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және қашықтықтан оқыту нысанында оқыту кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағаланады. 1-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады. Күнделікке күнделікті оқушылардың бағасын 10 балдық шекпен қойылып отыр.

Тоқсанға баға қою кезінде формативті бағалау үшін орташа балл есепке алынады, ол журналдың жеке бағанында қойылады. Формативтік бағалау кезінде мұғалім сабақта кері байланысты жүзеге асырады. Педагог білім алушылардың санын, кері байланысты беру нысанын және жиілігін дербес анықтайды.

4. Психологиялық-медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру оқу-тәрбие процесін

1. 2021-2022 оқу жылында жеке психологиялық мәселелерді шешуге ықпал етіп, оқушылардың бейімделу процесінде сабақтастықты қолдау және қашықтан оқу жағдайында білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

2. Жұмыс жоспарының орындалу деңгейі: жоспар бойынша қойылған жұмыстар легі жүзеге асырылды. Мектеп-лицей директорының оқу-тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогпен тығыз байланыста болып жұмыстар өз деңгейінде жүргізіліп отырды.

3. Бастауыш сыныптан орта буынға өткен оқушылардың орта буынға бейімделуін, өзара тұлғалық қарым-қатынастарын анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі қалыпты жағдайда екендігі анықталды. Қажет деген жағдайда сынып жетекшілер мен оқушыларға ұсыныстар берілді. Сыныптардағы жалпы психологиялық ахуал жақсы, шеттетілген оқушылар байқалған жоқ. Филлипстің мектептегі мазасыздық деңгейі анықталып, оқушылардың қобалжу деңгейі факторлар бойынша жоғары еместігін көрсетті. Қашықтан оқыту жағдайында білім алу сапасына қанағаттануларын анықтау мақсатында ата-аналар мен оқушыларға қашықтан зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша оқу сапасына тиісті дәрежеде көңілдері толмайтындығы анықталды. Сынып бойынша оқушылардың жеке психологиялық картасы толтырылды. 9 сынып оқушыларына мамандық таңдау бағытында қолдау мақсатында қызығушылықтарын анықтау әдістемелері мен вебинарлар, әңгімелесулер, кеңестер берілді. 11-сынып оқушыларына мемлекеттік қорытынды аттесттаттау алдында қолдау жұмыстары, оқушылардың төзімділігін анықтау тесті, мамандыққа қызығушылықтарын анықтау мақсатында «сауалнама» жүргізілді. Сауалнама интерпретациясында анықталғандай сынып оқушылары өздері ұнатып оқитын пәндері бойынша қалаған мамандықтары анықталды. Сонымен бірге қиын ситуация кезінде өзін жоғалтып алмау үшін, шамадан тыс мақсат пен міндет қоюдың қажеті жоқ екендігі туралы бағыт-бағдар, кеңестер берілді. Емтихан алдындағы түрлі теріс әсерлерін шығарып, бойларында жағымды көңіл-күй тудырып, өз-өздеріне сенімділіктерін арттыру тренингтері жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың бір - біріне және өзіне деген сенімділігі оянып батылдылық пайда бола бастады.

4. Педагогикалық ұжыммен психологиялық ағарту жұмыстары, сынып жетекшілерге кеңестер берілді. Ұжыммен мектепшілік жоспарға сай «Оқытушылардың дарынды оқушылармен жұмыс жасау қабілетін анықтау» әдістемелері жүргізілді. Оқушылардың психологиялық саушылығына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қиыншылықтарды түзетуге түзету-дамыту жұмыстары, жағымсыз қылықтарды болдырмауға ықпал ететін тренинг сабақтар өткізілді.

5. Қаңтар айынан бастап сабақтарға ене отырып, оқушылардың оқу процесіне бақылау жасалды. Оқу процесі барысында оқушылардың сабаққа қатысы, бір – бірімен қарым қатынасы, пән мұғалімінің сабақ беру әдісі мен формасына, сыныптағы психологиялық атмосфераға баса назар аударылды.

6. Білім алушылардың психологиялық жағдайын жақсарту бағытында, тәртібі мен тәрбиесіне байланысты жеке және топтық кеңестер жүргізілді. Оқушыларға сабақ үдерісінде психологиялық жағымды қолдау көрсетіп отыру ұсынылды.

7. Ата – аналар жиналысында жасөспірімдік шақтағы бала мінезінде болатын өзгерістер мен бастауыш буын оқушысы мен орта буынға көшу барысында бала бойында кездесетін қиындықтардың алдын алып, **ата-аналарға балаларына емтиханға тиімді дайындалуда көмек көрсетіп қодау үшін баяндама оқылып, кеңестер мен жаднамалар ұсынылды. Ата - аналар жиналысы барысында ата – аналар өздерінің тарапынан балаға қандай көмек қажет екендігін, отбасында мектеп бітірушіні қолдау, мамандық таңдауда балаға әсер ететін факторлардың қандай болу керектігі, үйде дайындалу үшін балаға ыңғайлы жұмыс орнын жасақтауды, баланың тамақтану режиміне баса назар аудару қажеттігі, ең негізгісі-емтиханға байланысты қобалжу деңгейін төмендету керектігі жөнінде ақпаратпен қаруланды.**

8. Кемшіліктерді түзету мақсатында қабылданған ұсыныстар: оқушы қабілетіне орай шығармашылық тапсырмаларды жүйелеу. Сабақ барысында сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері қарым-қатынасқа көбірек түсуі түсіндірілді.

9. Ұсыныстар негізінде жаңа оқу жылына мақсат, міндеттер мен күтілетін нәтижелерін анықтау: Оқытушылар білім алушылардың психо – әлеуметтік жағдайларына көңіл бөлуі, оқушы – мұғалім – ата – ана арасында жағымды қарым-қатынас орнату.

№	Оқушылармен жүргізілген тренинг, вебинар тақырыптары	Ата-аналармен жүргізілген вебинарлар тақырыбы
1	«Қорқынышыңды басқар» тренинг	5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері
2	«Кибербулингтен қалай қорғанамыз?»	«Булинг және кибербулинг кезінде балаға қалай көмектесу керек?»
3	«Менің өмірлік жолым», «Жақсылық шеңбері»	«Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың баланың психо-эмоционалды дамуына әсері»
4	Салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану бойынша кеңес, жаднама	Жасөспірімдер арасындағы ертежүктіліктің және зорлық – зомбіліктің алды алу
5	Жетістік құпиясы тренинг	Балаңыздың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда
6	«Мен ғажайыппын», «Өмірге жағымды көз – қарасты қалыптастыру» пікіралмасу	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы
7	«Қашықтан оқыту кезінде қобалжумен мазасыздықты қалыпқа келтіру» жаттығулары	Қашықтан оқыту жағдайында балаларды психологиялық қолау
8	“Мамандық таңдай білеміз бе?” 9-11 сынып оқушыларына	«Мамандықтың бәрі жақсы» ата-аналарға кеңес
9	Өмірді сүйе білейік.	«Жеткіншек бойындағы
10	Әлеуметтік үрейдің алдын алу бағытындағы сабақтар	физиологиялық, психологиялық өзгерістер» психолог кеңесі
11	Эмоцияны басқарып үйренейік	“Бала мен ата-ананың қарым қатынасы”
12	Бәрі сүйіспеншіліктен басталады	<i>АТА-АНА РЕТІНДЕ БАЛАМНЫҢ БІЛІМ АЛУ САПАСЫН ЖАҚСARTY YШІН НЕ ІСТЕЙ АЛАМЫН?</i>
13	«Қауіпсіз интернет»	Жасөспірімдік дағдарыс
14	Мен өмірге ғашықпын	Қашықтан оқыту кезіндегі оқушылардың психикалық денсаулығы
15	МҚА алдында психологиялық қолдау сабақтары	МҚА-ға дайындалуда балаға қалай көмектесуге болады?
16	Психикалық саулық туралы сөйлесейік	Жасөспірімнің қиындықтары, ата – ана қарым-қатынасының айнасы
17	Құқықтық мәдениет	Суицидтік мінез-құлық ерекшеліктері, оның алдын алу-жолдары
18	Сенімділікті арттыру сабақтары	

10. Келесі жылға әрбір оқушының өз мінез-құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу, ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету, жекелеген ауытқушылықтардың алдын –алу және қабілетті оқушылармен жұмыстарды жандандыру мақсат етіп қойылды.

5. Оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуір № 145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарын; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері 2021-2022 жылдарға арналған әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізіледі:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие ;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- ✓ «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Музей сабақтары»;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Мектептің тәрбие бағыты бойынша әдістемелік тақырыбы:

Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі ретінде ұсынылып отырған жобалар негізінде тұлғаның болашақта әлеуметтенуіне ықпал ететін жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Мақсаты: Білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыта отырып, әр жеке тұлғаның өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтенуін қалыптастыру және экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Міндеттері:

- Тәрбие үрдісінде жаңашыл бағытты енгізу арқылы сынып жетекшілердің кәсіптік шеберлігін үздіксіз жетілдіру;
- Денсаулығы зор, адамгершілігі мол, рухани бай, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- Оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, зиялылыққа, адами құндылықтар негізінде адалдыққа үйрету;
- Адам құқықтары мен бостандықтарын, ұлттық салт-дәстүрлерімізді сыйлауға тәрбиелеу;
- Қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылыққа тәрбиелеу;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, педагогикалық-психологиялық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершіліктерін арттыруға ықпал ету, отбасылық тәрбие жүйесін жандандыру;

- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату;
- Оқушыларды қоғамдық пайдалы жұмыс түрлеріне тарту арқылы шығармашылық ойлау, еңбексүйгіштік қабілеттерін дамыту.

Әр жылдағы тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарларында әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынады.

№41 мектеп-лицейінің тәрбие жұмысының стратегиясы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісіне белсенді қатысуына бағытталған. Жоспарда оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізудің кешенді мәселелері сараланып, оларға тәрбие берудің негізгі мақсаты мен міндеті және оқушылардың білім алуы барысында тәрбие үдерісін жүзеге асыру бойынша негізгі іс-шаралар мен осы жұмыстарды жетілдірудің жолдары қарастырылды.

Тәрбие жұмысының басты мақсатына жетуге келесі негізгі басымдылықтар алынады:

- Оқу үдерісінде тәрбие қызметін нығайту
- Оқушылардың өзін-өзі басқару қызметін жандандыру
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру
- Оқушылардың адами құндылық және құқықтық тәрбиесі
- Клуб және үйірме жұмыстары арқылы оқушылардың рухани танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, өз қабілеттерін шыңдау, шағармашылыққа баулу, оқушы танымын кеңейту, қызығушылықты арттыру, қосымша білім беру мақсатында оқу жоспарында қарастырылған үйірме сағаттары беріледі. Сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау, оқушы денсаулығын шыңдау, өзара қарым-қатынас ортасын кеңейту, мәдениеттілікті қалыптастыру, ұлттық дәстүрді дәріптеу мақсатында мектепшілік үйірме сағаттары да жүргізіледі.

Дәстүрлі түрде жүргізіліп отырған мектепшілік үйымдардың, клубтардың негізгі мақсаты: Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, өзара қарым-қатынас мәдениетін меңгерген, өмір дағдыларына бейім, жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлға тәрбиелейтін ынтымақты орта құру.

Міндеттері:

- Елін, Отанын сүйетін, құрметтейтін тұлға қалыптастыру;
- Ұлағатты ата-әже, қайсар әке, мейірімді ана келбетін насихаттай отырып, отбасы тәрбиесін нығайту;
- Тарихи, дара тұлғалардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ ұлының, қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- Құқықтық сауаттылық және мәдениетін қалыптастыру;
- Ұрпаққа ұлттық тәрбиені дәріптеу;
- Кез-келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, салауатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- Қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұштастырып, өмірлік дағдыларды меңгерту;
- Ұрпақты отбасы өміріне даярлау;

№	Клуб атауы
1	Әжелер клубы
2	«Мейірім» аналар клубы
3	«Мирас» әкелер клубы
4	«Азамат» ұлдар клубы
5	«Қызғалдақ» қыздар клубы
6	«Адал ұрпақ» клубы
7	«Зерде» дебат клубы
8	«Жанашыр» еріктілер тобы
9	«Шапағат» жас инспекторлар тобы
10	«Қолғанат» жас полиция тобы
11	«Жас ұлан» өзін-өзі басқару ұйымы
12	Мектеп парламенті өзін-өзі басқару органы (2021-2022 о.ж.)

Тәрбие жұмысының толыққанды жүргізілуінің нәтижесінде оқушылар ұлттық мәдениетті ұлықтауға, тәрбие мен білімді меңгеруге, мәдениет пен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуге бейімделеді. (тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса берілді);

2020-2021 оқу жылында білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркем – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету барысындағы тәрбиелік шаралар мен пәндік негіздегі көрсеткіштер: шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері республикалық-5, халықаралық-11, облыстық-7, қалалық-21.

Республикалық байқаулар -5

№	Пәні	Байқаудың атауы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Хореография	«Ұстаз –білім шырағы» «BilimQazagstan» орталығының ұйымдастыруы мен өткен мұғалімдер мен оқушылар арасында өткен байқау	Мамбетказиева Гүлжаннат		А.х	Рахметова А.А
2	Хореография	«Әлемнің Абайы» дарынды балалар би байқауы	«Балауса» би тобы	5-8	I	Рахметова А.А
3	Хореография	«Дала сазы» «Бақытты елдің ұрпағы» қоғамдық қорының ұйымдастыруы мен қашықтықтан өткен би байқауы	«Балауса» би тобы	5-8	I	Рахметова А.А
4	Көркем еңбек	«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме байқауының «Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киім үлгісін жасау» номинациясы	Кунашева Аружан	9	II	Баймурзина С. А
5	Тәрбие бөлімі	Республикалық «Ана мен бала» онлайн лагері	Дуйсенова У Ережеп Асема	6		

Халықаралық-11

№	Пәні	Байқаудың атауы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Орыс тілі	5 сыныптар арасындағы онлайн олимпиада	Арыстанбекова Дана	5	II	Рахметкалиева Н.О
2	Физика	Халықаралық Әл-Фараби олимпиадасы	Серік Назерке Ережеп Алтынгүл	10	I II	Мамыр А.
3	Математика	Халықаралық Әл-Фараби олимпиадасы	Каташев Дәурен Қадырболат Ринат	10	III	Капашева Г.Н
4	География	Халықаралық Әл-Фараби олимпиадасы	Темур Ануар	10	II	Ажғалиев Н.
5	География	Халықаралық Әл-Фараби олимпиадасы	Айдынгалиева Шолпан Сағынғали Баянсұлу	10	II III	Адиева Л.С
6	Математика	Халықаралық Әл-Фараби олимпиадасы	Насибуллина Камила	10	II	Мукашева Р.Б

7	География Математика	Жас дарын	Бауыржанқызы Алуа	5	I	Адиева Л.С Капашева Г.Н
8	Орыс тілі	«Возьми на радость из моих ладоней»	Куанышева Диамара	10	I	Рахметкалиева Н.
9	Орыс тілі	За участие Международном конкурсе выразительного чтения посвящение 135- летию великого татарского поэта Габдуллы Тукая	Адилова Аружан	9a	II	Кусанова Г.К
10	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қайталанбас тұлғалар, қайта оралмас замандар» атты байқау	Сапарбеков Алькен	10a	Алғыс хат	Иманиязова Г.С.
11	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Татар руханиятының абызы» эссе байқауы	Мақсот Ақтоты	8	III	Иманиязова Г.С

Облыстық шығармашылық, спорттық жарыс, интеллектуалдық сайыстар, байқаулар - 7

№	Пәні	Байқаудың атауы	Оқушының аты- жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты- жөні
1	Қазақстан тарихы	Кішкентай Отанымның символы	Мералиева Айнагул	10	III	Жумағалиева О.А.
2	Тәрбие бөлімі	Бабалар тарихы-ұрпаққа аманат	Габдукаримова Сабина	6	Алғыс хат	Ержигитова Г.Қ.
3	Тәрбие бөлімі	Бабалар тарихы-ұрпаққа аманат	Амантай Айханым	6	Алғыс хат	Ержигитова Г.Қ.
4	Тәрбие бөлімі	«Бізді күтер, бір бақыт»	Мұрат Аяжан	7	II	Ержигитова Г.Қ.
5	Қазақ тілі мен әдебиті	«Бізді күтер, бір бақыт»	Амангелді Аружан	6	Алғыс хат	Ержигитова Г.Қ.
6	Қазақ тілі мен әдебиті	«Бізді күтер, бір бақыт»	Тохтахунов Ахмет	6	II	Ержигитова Г.Қ.
7	Қазақ тілі мен әдебиті	«Жайық толқыны» фестивалінде «Жас репортер» номинациясы бойынша	Адилова Аружан	9	II	Куанышқалиева Г.Е.

Қалалық шығармашылық, спорттық жарыс, интеллектуалдық сайыстар, байқаулар - 21

№	Пәні	Байқаудың атауы	Оқушының аты- жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Тәрбие бөлімі	Ұланбасы-2020	Атау Айнұр	11	Алғыс хат	Ержигитова Г.
2	Тәрбие бөлімі	Парасатты отбасы	Нұрбекқызы Амина	5	II	Куанышқалиева Г.

3	Дене шынықтыру	Шахмат	Мақсот Әмина	5-7	III	Имангазиева А.Р.
4	Қазақстан тарихы	«Тәуелсіздік тірегім-Қазақстан жүрегім»	Ибрагимова Индира	10	II	Сатиева А.Е.
5	Қазақстан тарихы	«Жаңа заман батырлары»	Мухтарова Назерке	9	II	Орынбасарова Э.О.
6	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Жас репортер»	Адилова Аружан	9	I	Қуанышқалиева Г.
7	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Жас ақын»	Биғали Гулназ	9	Алғыс хат	Беккужиева С.
8	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Жас термеші»	Амангелді Бекзат	8	Алғыс хат	Нурсапина С.У.
9	Тәрбие бөлімі	«Сырғалым»	Адилова Аружан	9	I	Иманиязова Г.С. Орынғалиев О.Қ.
10	Қазақстан тарихы	«Туған жер кереметі»	Мұхтарова Назерке	9	II	Орынбасарова Э.О.
11	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Ақберен» ұлттық аспапта ойнау	Темірхан Милана	9	I	Жардекова С.
12	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Ақберен» ақындар мүшәйрасы	Биғали Гулназ	9	Алғыс хат	Беккужиева С.А.
13	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Шешендік бірлік»	Серік Назерке	10	Алғыс хат	Қуанышқалиева Г.Е.
14	Тәрбие бөлімі	«Қайталанбас тұлғалар, қайта оралмас замандар»	Мақсот Ақтоты	8	III	Иманиязова Г.С.
15	Көркем еңбек	«Менің сүйікті кітабым»	Адилова Наргиза	5	III	Нургазиев А.Н.
16	Қазақстан тарихы	«Менің кіші Отанымның тарихы»	Мералиева Айнагуль	10	I	Жумағалиева О.А.
17	Қазақ тілі мен әдебиеті	Жас журналистердің «Қош келдің, әз-Наурыз» байқауы, «Үздік бейне сюжет» номинациясы	Сағынтаева Аида Серік Ақнұр	9	I	Беккужиева С.А.
18	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Менің қанатты достарым» тақырыбындағы эссе жазу байқауы	Дәмер Жанайым	5	Алғыс хат	Қуанышқалиева Г.Е.
19	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Менің қанатты достарым» тақырыбындағы эссе жазу байқауы	Бауыржанқызы Алуа	5	Алғыс хат	Қуанышқалиева Г.Е.
20	Көркем еңбек	Қалалық бейнелек өнері пәндері бойынша «Күз қызығы» сурет байқауы	Қибас Ақбота	5	III	Нургазиев А.Н.
21	Көркем еңбек	Қалалық көркем еңбек, графика жобалау пәндері бойынша «Жаңа жылдық кеш» сурет байқауы	Қибас Ақбота	5	II	Нургазиев А.Н.

Біз тәрбие жүйесінде жастарымызды рухани және ұлттық құндылықтарын дұрыс бағалауға үйрету, баулу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларға тоқталсақ, осы бағытта қыркүйек айында «Мектепке жол» қайырымдылық акциялары атқарылды.

11 қыркүйек мектеп-лицейіміде Орал қаласы полиция басқармасының Кәмлетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, лейтенант Мухитова Венера Биржановнаның қатысуымен «Жол қауіпсіздік ережелері» іс-шарасы оздырылды. Мектеп инспекторы тарапынан жол ережелері туралы нақты ақпараттар беріліп, бағдарламға қарап жаяу жүргіншілер жолынан қалай өту қажеттігі туралы айтылса, әр сыныпта өткен сынып сағаттары өмірмен, қажетті дағдылармен байланыстыра берілді. Жол белгілерінің мазмұны толық түсіндіріліп, үгіт-насихат жұмыстары туралы ақпараттар әлеуметтік желілерде жарияланды.

Мектеп-лицейімізде қала күніне 2-10 сыныптар арасында «Оралым-бақыт мекенім!» атты бейнерепортаж байқауы өтті.

Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, адами құндылықты меңгертуде іс-шаралар жүйелі жүргізілуді. Айта кетсек, «Кітап әлеміндегі үздік кейіпкерім», «Білімге құштар», «Үздік оқырман» сайыстары, зияткерлік білім сайыстары, логикалық ойындар жүйелі түрде өтуде.

«Белсенді орта» жобасы аясында «Оқушылар сарайы» МКҚК-да дебаттық қозғалыс үйірмелерінің жетекші облыстық пікірсайыс ойындарының жүлдегері, республикалық турнирдің төрешісі Болат Салихұлы, қалалық турнирдің жетекшісі Абылайхан Асылбекұлының ұйымдастыруымен «Жастар алаңының» алғашқы кездесуі өтіп, аталған шараға мектеп-лицейіміздің «Zerde» дебат клубының белсенділері Адилова Аружан мен Кенжегужина Асем белсене қатысты. Жас дебатшыларымыз «Американдық парламенттік формат» тақырыбында керемет ойын өрнегін көрсетті. Сондай -ақ Оқушылар сарайы базасында Оқушылар сарайының 5 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіз елдің ұрпағымен» атты қала мектептерінің пікірсайыс турнирінің қалалық кезеңі өткізілді. Пікірталас турнирінде 1-ші орын 10-сынып оқушысы Адилова Аружан, Кенжегужина Асем топты жарып шығып, жеңіске жетті. Осы оқу жылында дебат клубының жұмысын жандандыру басымдыққа алынды. Бүгінгі күнге дейін оқушыларымыз қалалық, облыстық, республикалық ойындардың жеңімпаздары атанып, «ZERDE» дебат клубының белсенді пікірсайысшылары Адилова Аружан, Кенжегужина Асем, Қалымбет Дильназ, Өтешова Ділназ бірнеше марапатқа ие болды.

Бүкіләлемдік тазалық күніне орай «Жас ұлан» ұйымымен ұстаздар бірлесе отырып, «World cleanup day» акциясы оздырды. Акцияға қатысушылар мектеп аумағы мен айналасын тазартып, қоқыстарды жинап, қоршаған ортаға өз үлестерін қосты.

Азаматтық, патриоттық, құқықтық тәрбие бағытындағы басты іс-шараларға тоқталсақ, «Шапағат» жас жол инспекторлар клубы мүшелері жыл басынан үгіт – насихат жұмыстарын жүргізіп, 2021 жылдың 20-25 қыркүйегін аралығында «Оқушылар сарайы» МКҚК-да ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, БҚО «Қауіпсіз жолдар» жобасы аясында «Жас жол инспекторлары» қалалық слеті өткізілді. Қалалық слетке мектеп-лицейіміздің «Шапағат» жас жол инспекторлар жасағы 5 тур бойынша қатысты. «Жас жол инспекторлары» қалалық слетінің қорытындысы бойынша «Шапағат» жасағының капитаны, 7 «Ә» сынып оқушысы Калибекова Айым «Үздік білгір топ басшы» аталымы бойынша жеңіске жетті.

Оқушыларға құқықтық сауаттылық, қауіпсіздік ережесі туралы мәліметтер беруде мектепшілік «Ақпараттық және киберқауіпсіздік» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында мектеп-лицейіміздің информатика пәні мұғалімі Лаззат Асылбековна интернет қауіпсіздігі және әлеуметтік желілерде кездесетін әртүрлі кедергілерден сақтандыруды оқушыларға сауалнама түрінде сұрақ қоя отырып талқыланды. Мектеп инспекторының қатысуымен ата-аналармен, мектеп оқушыларымен құқықтық сауаттылықты арттыруда кездесулер, жиындар өткізілді.

ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай №41 мектеп-лицейінде 5 – сыныптардың ашық тәрбие сағаты оздырылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде 5-7 сыныптар арасында мектепшілік «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай №41 мектеп-лицейінде тәуелсіздік құндылықтарын дәріптеуге, ұлықтауға арналған “Тәуелсіздік-ұрпаққа ұлы аманат” тақырыбындағы әдеби-сазды бағдарлама айлық шеңберінде ұйымдастырылды.

Қаңтар айындағы құқық айлығы шеңберінде 9а сыныбында 15 қараша күні сынып жетекшісі О.Қ.Орынғалиевтің өткізуімен құқық онкүндігі шеңберінде «Мен зорлық- зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында отбасы құндылығы видеоролигін көрсете отырып, отбасындағы сыйластық, сүйіспеншілік, келісім мазмұндылығын кеңінен аша білді. Мектеп психологі С.С.Тажен тәрбие сағатына қатыса отырып, оқушыларға жасөспірімдер арасында болатын

құқықбұзушылықтарға байланысты жағдаяттар ұсынып, оқушылардың ойын тыңдады. Жасөспірімдердің қоғамға деген көзқарасына, пікірлеріне құлақ аса отырып, бағыт-бағдар ұсынды, кеңес берді.

9ә,9б сыныптары оқушылары арасында 16 қараша күні сынып жетекшісі С.У.Нурсапина мен Г.Н.Капашеваның өткізуімен құқық онкүндігі шеңберінде «Мен және менің құқығым» тақырыбында ашық сынып сағаты өткізілді.

«Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыбында БҚО дін істері басқармасының теолог маманымен кездесу оздырылды. Аталмыш шараға Орал орталық мешітінің найб имамы және БҚО дін істері басқармасының теолог маманы Убаев Наурыз Ибатұлы қатысты.

«Дұрыс таңдау -болашағымыздың бастауы» тақырыбында оқушыларға кәсіби бағдар беру, мамандық таңдау бағытындағы 9,11 сыныпқа ұйымдастырылған шара 24 қаңтар күні кездесу түрінде ұйымдастырылды.

Көркемдік – эстетикалық бағытта ұстаздар мерекесіне орай, мектеп-лицейімізде 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Өзін-өзі басқару» күні ұйымдастырылған болатын. Оқушылар мұғалім болудың қыр-сырларымен танысып, үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, мұғалім мамандығы туралы өз көзқарастарын білдірді. Өздеріне жүктелген міндетті жоғары деңгейде атқара отырып, оқушылар мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына белсене атсалысты.

Салауаттылықты насихаттауда 12 қазан күні «Дені сау ұрпақ-болашақ кепілі» тақырыбындағы дене шынықтыру апталығында спорт шебері, жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасының халықаралық спорт шебері, БҚО-ның аралас жекпе-жекпен аға жаттықтырушысы Серик Қартабаевпен кездесу кеші өтті. Кездесу барысында Серик Қартабаевтың спорт жолындағы жетістіктері туралы бейнеролик көрсетіліп, оқушылар сұрақтар қойып, көптеген мәліметтер алды.

Қыз бала тәрбиесіндегі жеке бас гигиенасы, салауаттылық бағытында тәрбие бөлімі жоспары негізінде 5-6 сынып қыз балаларына №5 қалалық емханасының отбасын жоспарлау бөлімі медбикесі Хабибуллина Аяулым Дамировна мен психолог Чабдарова Айгуль Каблатиповнаның қатысуымен «Қыз баланың психологиялық даму ерекшелігі» тақырыбында жиналыс өткізілді, наурыз айында сұлулық мамандарымен семинар-тренинг жоспарланып отыр. «Ақылды болу мен әдемі болу: бірін ғана таңдау керек пе?» тақырыбындағы 7-8 сынып қыз балаларына арналған тренинг сабағы ұйымдастырылды. Шара барысында қыз бала тәрбиесіндегі өзекті ойлар туралы ой бөлісіліп, қыз балалардың пікірлері тыңдалды.

Табиғатты аялау, сұлулықты бағалау, көркемдікті түйсіну, тазалықты сақтау бағытында «Батарейка тапсыр да, ресурстарды үнемде», «Жасыл табиғат», «Таза табиғат», «Дармарка -заттарға екінші өмір сыйла!» акциялары жүргізілді.

Желтоқсан айының 20-27 желтоқсан аралығында «Жаңа жыл» мерекесіне орай сыныптарды безендіру акциясы 5-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды. «Жаңа жылдық безендіру» акциясына мектеп-лицейіміздің барлық сынып ұжымы толық қамтылды. Оқушылар сынып бөлмелерін безендіруде креативтілік пен белсенділік танытып, оқушылар өздеріне жақсы көңіл-күй сыйлай білді. Сондай - ақ безендірілген сыныпта әдемі фотосуреттер жасап, өз парақшаларына жарияланды. Білім алушыларға тәрбие беруде тәрбие сатысы әр бағытта толассыз, үздіксіз жүргізіліп келеді. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс бағыттары да толық қамтылып, жалпы ата-аналар жиналыстары, сынып ата-аналар жиналыстары да уақытында өткізіліп, <https://41-mektep.edu.kz/zhanalyktar/868-mektep-sh-1-k-zhalpy-ata-analar-zhinalysy> , <https://41-mektep.edu.kz/zhanalyktar/798-11-synyp-ata-analar-zhinalysy>, <https://41-mektep.edu.kz/zhanalyktar/799-synyp-zheteksh-lerd-kezekt-ata-analar-zhinalysy>, <https://41-mektep.edu.kz/zhanalyktar/704-41-mektep-litsej-n-zhalpy-ata-analar-zhinalysy-ozdyryldy> жарияланды.

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркем – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету барысындағы тәрбиелік шаралар мен пәндік негіздегі көрсеткіштер: шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері облыстық-5, қалалық-4.

Облыстық шығармашылық, спорттық жарыс, интеллектуалдық сайыстар, байқаулар - 5

№	Пәні	Байқаудың атауы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Тәрбие бөлімі	«Бірлік» отбасылық қашықтан байқауы «Сәндік қолданбалы өнер номинациясы»	Арыстанбеков-тар отбасы	Отбасы	II	Қуанышқалиева Г.А.

2	Тәрбие бөлімі	«Тәуелсіз елдің ұрпағымын» пікірсайыс турнирі	Адиева Аружан Кенжегужина Асем	10	I	Мансурова А.Ш.
3	Тәрбие бөлімі	Облыстық «Jas Vuun Cup» пікір- сайыс	Адилова Аружан	10	III	Мансурова А.Ш.
4	Тәрбие бөлімі	Облыстық «Jas Vuun Cup» пікір- сайыс	Кенжегужина Асем	10	III	Мансурова А.Ш.
5	Тәрбие бөлімі	Парасатты отбасы «Жомарт отбасы номинациясы »	Арыстановтар отбасы	Отбасы	Алғыс хат	Қуанышқалиева Г.А.

Қалалық шығармашылық, спорттық жарыс, интеллектуалдық сайыстар, байқаулар - 7

№	Пәні	Байқаудың атауы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Тәрбие бөлімі	«Тәуелсіз елдің ұрпағымын» пікірсайыс турнирі қалалық кезең	Адиева Аружан Кенжегужина Асем	10	I	Мансурова А.Ш.
2	Көркем сурет	«Қылқалам қатысушыларына күзді тартады»	Асқарұлы Нұрдаулет	5а	I	Нургазиев А.Н.
3	Музыка	«Ән Star» патриоттық әндер байқауы	Меңдібай Нұрислам	5а	III	Турегалиева А.А.
4	Тәрбие бөлімі	«Жас ұлан ББМЖҰ спидкубинг чемпионаты»	Жеңіс Саят	6а	III	Батенова А.Қ.
5	Тәрбие бөлімі	Қалалық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының слеті «Туристік түйіндер» номинациясы	Қалымбет Дильназ	9б	II орын	Ажғалиев Н.Ш.
6	Тәрбие бөлімі	Қалалық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының слеті «Жас өлкетанушы» номинациясы бойынша іздеу-зерттеу жұмыс жобалары «Өшпес жұлдыздар» бағыты	Қанатқызы Арулана	8а	III орын	Жұмағалиева О.А.
7	Тәрбие бөлімі	«Мамандықтар әлемін ашамыз» форумы	Габдулкаримова Сабина	8ә	Алғыс хат	Сисенова А.У.

Мектеп-лицейіміздегі білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркем – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету барысындағы тәрбиелік шаралар мен пәндік негіздегі көрсеткіштердің шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері жалпы нәтижелері жақсы деп танылды.

6. Мектепшілік бақылауды тиімді басқаруды ұйымдастыру

Оқу жылына мектепшілік бақылау жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 17-қосымшаға сәйкес жасалады. Мектепшілік бақылау МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарларының, Үлгілік оқу бағдарламаларының, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлардың, оқушылардың жеке істерінің және т.б. орындаған жұмыстарын тексеруді қамтиды.

Мектепшілік басқару мен бақылау мектептің оқу –тәрбие жұмысының мазмұнды ұйымдастырылуын, оқушылардың білім сапасы мен дағдыларының қалыптасуы және білім, тәрбие берудің мемлекеттік саясатының жүзеге асуын қадағалайды. Оқу үдерісіндегі дұрыс және жүйелі түрде жүргізілген бақылау арқылы жұмыстардың жетістіктері мен кемшіліктері дер кезінде анықталып, түзетулер мен болжамдар жасауға негіз болады.

Мектепшілік бақылау келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

- * «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасы Конституциясы;
- * «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (26.12.2011.);
- * «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- * «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-ІҮ Заңы;
- * «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-ҮІ Заңы;
- * «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- * Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- * Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру жобасы»;
- * 2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- * Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- * ҚР «Тіл туралы» Заңы.
- * ҚР еңбек кодексі.
- * ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы.
- * Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Террористік тұрғыдағы осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайы» 03.04.2015 жылғы №191 Қаулысы
- * 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76, 79, 89 қадамдары

Мақсаты: Білім берудің мемлекеттік саясаттын жүзеге асыру барысында орта білім берудің мемлекеттік стандарттын негізге ала отырып, жалпы педагогикалық үдерістің дамуына қолайлы әрі қолжетімді мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

- Білім саласындағы нормативтік –құқықтық заң актілерінің жүзеге асырылуын бақылау;
- Нормативтік –құқықтық заң актілерінің орындалуындағы кемшіліктер мен орындалмау жағдайларын анықтау, оларды болдырмау және жою мақсатында іс-шаралар жүргізу;
- Заң актілерінің орындалуындағы кемшіліктердің болу себептерін анықтау, олардың алдын- алу шараларын жүргізу;
- Педагог қызметкерлердің әрекеттерінің нәтижелер тиімділігін талдау және сараптамалық бағалау;
- Педагог қызметкерлердің әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, білім беру үрдісінің оң және кері тенденцияларын анықтау, осының негізінде педагогикалық тәжірибелерді таратуға ұсыныстар беру мен кемшіліктерді жою;

- Білім мекемесіндегі бұйрықтар мен нұсқаулардың, басымдықтар мен мақсатты жоспарлардың орындалу нәтижелерін талдау;
- Бақылау нәтижелерінің негізінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;
- Мұғалімдердің сабақ пен сыныптан тыс іс–шаралары (үйірме, таңдау пәні, қосымша сабақтар) арасындағы бірізділікті қалыптастыру;
- Жаңа мазмұнды білім берудің әдістері мен технологияларын жетілдіру мен жаңартылған мазмұндағы тәжірибелік базаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Барлық әкімшілік бақылау функцияларын сапалық жүргізілу есептік- талдау нәтижелері жинақталады;
- Басқару мен бақылау және жоспарлау шараларының мазмұндық мәні артады;
- Педагог қызметкерлердің кәсіби құзіреттіліктерін арттырудың өзара тәжірибе алмасу ортасы қалыптасады ;
- Жаңартылған білім беру мазмұнын тәжірибеге енгізуде тиімді технологиялар жиынтығының базасы жасалады;
- Оқу мен оқытудағы үдерісті бағалаудың критериалдық өлшемдері жасалып, рейтингілік жүйесі қалыптасады;
- Оқушылардық оқу –танымдық, тербиелік –дамытушылық дағдыларын жетілдірудің мектеп мән –мәтініндегі моделі жасалады;
- Мектеп тәжірибесінде оқушылардың білім сапасын зерделеудің әкімшілік тәуелсіз бақылау әдістері жетіледі.

Бақылау бағыттары:

- Жалпыға ортақ білім берудің орындалуы;
- Оқу үдерісінің сапасын бақылау;
- Тәрбие үдерісінің сапасын бақылау;
- Қазақстан Республикасының Заңдарының орындалу талаптары;
- Мектептің әдістемелік жұмыс жүйесін бақылау;
- Балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау.
- Мектепшілік бақылау нормативтері

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізуді ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыру және мектепшілік бақылауды жүзеге асыру үшін жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі үшін мынадай нормативтер ұсынылады:

Карантиндік және шектеу шаралары кезеңінде оқыту жағдайында мектепшілік бақылау әрбір білім беру ұйымының жағдайына қарай жүргізіледі. Мектепшілік бақылаудың барлық түрлері жүзеге асырылмауы мүмкін.

7. Мектептің оқу-материалдық-техникалық базасын дамыту

1. Мектеп кітапханасының жұмысын талдау
2. Оқу-материалдық базаны нығайту. Шаруашылық жұмысы
3. Мектеп жанындағы учаскенің жұмысы (бар болса)

Мақсаты:

- мектеп оқушыларының әдеби кітап оқуға қызықтыру, оқушылардың сөздік қорын молайту;
- кітап оқу арқылы ұстамдылыққа, өзін-өзі тәрбиелеуге, ұқыптылыққа, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу

Міндеттері:

- кітап оқу арқылы алғыр ойлауға үйрету;

алған білімдерін тереңдету;

Күтілетін нәтиже:

Әр адамның өмірінде, қоғамда кітаптың маңызы зор. Кітап болашақты өткен өмірімен байланыстырады. Кітаппен жұмыс жасау арқылы оқушының білім сапасы көтеріледі.

1. Акция іс-шараларын БАҚ-та кеңінен жариялау
2. Мектеп кітапханасына әртүрлі жастағы оқырмандар тартылады, кітап оқу ұйымдастырылады.
3. Әр оқырман өзінің оқыған кітабын жарнамалайды.
4. Әлеуметтік желілердегі парақшаларға қашықтықтан жасалған үздік тәжірибелік бейнероликтер жолдау
5. Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлерінің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау

Жасалған жұмыстың мазмұны:

1. Ата-аналармен, кітапханамен байланыс жасау;
2. Кітапханаға келіп түскен көркем әдебиттерді витруалды көрмемен онлайн арқылы ұйымдастырылып таныстыру;
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасының ережелерімен таныстыру;
4. Әр оқушының жас ерекшелігін ескеріп, сондай-ақ талғамына қарай көркем әдебиеттерді тандап ұсыну;
5. Өз қалауынша оқыған кітаптарының есебін дәптерге жазбалай жүргізу, сөзжұмбақтар шешу, сонымен қатар фото, шағын ұсыныс видеолармен бөлісу;

Әдеби кітап оқи отырып:

- * Шапшаң мәнерлеп оқуды меңгереді;
- * Оқығанды көз алдына елестете алу қабілеті артады;